

*Үй жағдайында
орындауға болатын саусақ
ойындары.*



Мұғалім-дефектолог: Тәнірбергенова А.Е

Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Саусақ ойындарының нәтижесінде:

- Баланың сөйлеу тілі жетіледі;
- Қимыл-қозғалысы артады;
- Икемділігі артады;
- Ойлауы дамиды;
- Танымдық деңгейі артады.



Саусақтарға арналған ойындар

«Тіс щеткасымен ойын»

Ойын шарты: Балаға тіс щеткасын бересіз. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасауға көмектесіңіз. Бұл ойын балалардың миын дамытады, сөйлеу тілдерін дамытады, қол белсенділігін, икемділігін арттырады.



«Қысқыштармен ойналатын ойын»

Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, сөйлеу тілінің дамуына зор ықпал етеді.



«Жаңғақтармен ойын»

Ойын шарты: Балаға жаңғақты бересіз. Жаңғақты алақанының арасына салып, айналдыру керек. Бұл ойында балалардың қолдары жаттығып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеті дамиды.

